



8 | РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОЛИМПИАДА!



14.02.2025 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Фармация» мамандығы бойынша оқу-әдістемелік бірлестіктің жоспарына сәйкес Қазақстан Республикасының «Фармация» мамандығының 2 курс студенттері арасында латын тілінен «Латын – тілдер патшайымы» атты республикалық онлайн олимпиадасы өткізілді.

Олимпиаданың мақсаттары:

1. Латын тілін оқуға қызығушылықты қалыптастыру, «Латын тілі» пәні бойынша 2 курс «Фармация» мамандығы студенттерінің білімдері мен дағдыларын анықтау.

2. Фармацевтикалық пәндер оқытушыларының студенттерге пәнді оқытудағы кәсіби және әдістемелік шеберлігін жетілдіруге мотивациясын арттыру.

3. ҚР медициналық колледждері арасында іскерлік байланыстарды қалыптастыру.

Олимпиаданы өткізу кезеңдері:

I кезең – тестілеу (теориялық білімдерін тексеру)

II кезең – жазбаша жұмыс (тәжірибелік білімдерін тексеру)

Олимпиаданың әділ қазылар алқасы:

Олимпиаданың әділ қазылар алқасы төрайымы: Сарыбекова Жамиля Нұрғалиқызы – «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің» ШЖҚ КМК директоры

Әділ қазылар мүшелері:

Куанышбекова Ляззат Тураровна – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Андакулова Куралай Тлеулесовна – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Мейрманова Ляззат Касеналиевна – оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі.

Серкебаева Айгуль Кумекбаевна – №2 жалпы кәсіптік пәндер циклдық әдістемелік комиссиясының төрайымы

Ахметова Улбосын Молдахановна – фармацевтикалық пәндер оқытушысы.

Нурбаева Рабига Тилеубековна – фармацевтикалық пәндер оқытушысы.

Олимпиадаға Тараз, Шымкент, Түркістан, Алматы, Талдықорған, Қарағанды, Теміртау, Нұр-сұлтан, Семей, Көкшетау, Өскемен, Ақтөбе, Орал, Атырау қалаларынан 17 медициналық колледжінің студенттері қатысты.

Олимпиада нәтижелері:

I-дәрежелі дипломмен

1. Төлеш Жансая Жақыпбекқызы – ШЖҚ «Түркістан жоғары медицина колледжі» МКК

2. Мамедова Минара Муслимовна – «Жамбыл жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК

II-дәрежелі дипломмен

1. Родионова Анна Романовна – «Өскемен жоғары медициналық колледжі» ШЖҚ КМК. 2. Дыханбаева Дамира Ермековна – «З.Г. Мурзагулова атындағы «Даналық» Жоғары медициналық колледжі» БМ.

3. Умирзакова Сымбат Тайыровна – Атырау жоғары медициналық колледжі.

III-дәрежелі дипломмен

1. Негматиллаева Азиза Данияровна – Шымкент қаласының ДСБ ШЖҚ «Жоғары медицина колледжі» МКК.

2. Жанабаева Азиза Бауыржановна – ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі» МКК.

3. Ержанова Альбина Ербулатовна – Ақмола облысы ДСБ жанындағы «Көкшетау жоғары медициналық колледжі» МККК марапатталды.

Олимпиада жеңімпаздары Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н.Сарыбекованың атынан дипломдармен марапатталды, қатысушылар мен олимпиада жетекшілеріне сертификаттар табысталды.



8 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



17.02.2025 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің орыс тілі және әдебиеті пәнінің оқытушылары Мәскеу қаласының «Медицина колледжі №7» мемлекеттік бюджеттік кәсіптік білім беру мекемесі («МК №7» МБКБМ)

ұйымдастырған А.П. Чеховтың 165 жылдығына арналған әдебиет пәні бойынша халықаралық қатысуымен өткен «Человек без селезенки» атты I курс студенттерінің арасында өткен Бүкілресейлік студенттік онлайн-олимпиадаға I курс студенттері қатысып, жүлделі орын алып, I және II дәрежелі Дипломдармен марапатталды.

Жетекшілік жасағандары үшін орыс тілі және әдебиет пәнінің оқытушылары Куанышбекова Л.Т., Мейрманова Л.К., Бейсенбаева А.О., Бердалиева Э.Б., Байбосынова К.Ж., Алиева Р.М. Алғыс хатпен марапатталды.





9 ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



2025 жылдың 15 ақпан күні 2025 жыл – Жұмысшы мамандықтар жылына орай Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығы» ұйымдастыруымен «STUDENT QUIZ» облыстық зияткерлік ойыны өтті.

Ойынның басты мақсаты – техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары студенттерінің ой-өрісін кеңейтіп, кәсіби бағыттағы білімін шыңдау. Бұл зияткерлік додада қатысушыларға логикалық және кәсіби салаға қатысты сұрақтар қойылып, жылдам шешім қабылдау қабілеттері сыналды.

Аталған сайысқа Жамбыл жоғары медициналық колледжінің намысын қорғау үшін «STUDMED» командасы қатысты. Бірнеше кезеңнен тұрған тартысты ойында команда жоғары нәтижелер көрсетіп, «Ең білімді команда» номинациясын иеленді. Жетекшілік жасағаны үшін жастар ісі жөніндегі инспектор Әбдіманапова Томирис Алмазқызы Алғыс хатпен марапатталды.



«Қазақстан КВН Одағы» республикалық жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен, Астана қаласында өткен «Жайдарман» ойнарының, республикалық «Маусымашар-2025» фестиваліне қатысып, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Емдеп аламыз»

атты қыздар командасы жақсы өнер көрсетіп, «Ulttyg Liga»-ға жолдама алды, сонымен қатар колледж директорына «Қазақстан КВН Одағы» РЖҚБ директоры Есен Елеукеннің Алғыс хаты берілді.
Жауапты: әлеуметтік педагог А.А. Буксукбаева.

27.02.2025ж. «Қазақстанның медициналық колледждер одағы» ЗТБ «Мейіргер ісі» оқу-әдістемелік бірлестігі «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі» ЖШС.Медициналық колледждерінің I курс студенттері арасында «Кәсіби орыс тілі» пәні бойынша «БІЛІМ.ТАНЫМ.НӘТИЖЕ» атты республикалық олимпиада ұйымдастырды. Олимпиадаға 142 ҚБ -11/24 топ студенті Журсин Дария қатысып, II дәрежелі Дипломмен марапатталды. Жетекшісі: орыс тілі және орыс әдебиеті пәнінің оқытушысы Бердалиева Э.Б.



27.02.2025. ж. Тараз қаласы әкімдігінің ішкі саясат бөлімі «Жастар ресурстық орталығы» КММ және Тараз қаласы дене шынықтыру және спорт бөлімінің бұқаралық спорттың ұйымдастыруымен



8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне орай қыздар арасындағы волейболдан облыстық турнир өткізілді. Бұл іс-шарада облыстан 8 колледж, 100 жуық жас студенттер қатысты.

Жарыс қорытындысы бойынша:

I-орын Тараз «Парасат» колледжі,

II-орын Жамбыл жоғары медициналық колледжі,

III-орын Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық жоғары колледждері иеленді.

Үздік Ойыншы номинациясын 405ЕФ-9/21 топ студенті Берік Асем Ардаққызына берілді.

Үздік жаттықтырушы номинациясын Беишенов Сағи Сабырұлына берілді.



Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында алдағы даму кезеңіне байланысты ел алдына көптеген жаңа міндет қойды. Әсіресе, Президент еліміздің кадрлық әлеуетін біртіндеп арттыру өте маңызды екенін айтты. Сондықтан, 2025 жылды

«Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады.

Жұмысшы мамандықтарды насихаттау және олардың мәртебесін көтеру жолында Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Техникалық және кәсіптік білім беруді дамыту орталығының» ұйымдастыруымен 03 наурыз 2025 жылы Облыс колледждері мен серіктестер арасында «2025 жыл-Жұмысшы мамандықтар жылы» тақырыбында еңбек форумы өтті. Форумда Жамбыл жоғары медициналық колледжі көрме ұйымдастырып, оқу орнының жұмыс барысымен таныстырды. Іс-шара барысында колледж студенттері сабақта қолданылатын 3D қалам



арқылы ішкі мүшелердің құрылысын бейнелеу, 3D көзілдірігін пайдаланып, адам ағзасының қызметін бақылау, 3D принтер, Пирогов, 3D ARADEMIKS үстелдердің қолдану барысы мен мүмкіншіліктері түсіндірілді. Сондай-ақ, көрмеде 2006 жылы құрылған «Super-pharm» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бұйымдары таныстырылды. 2011 жылдан бастап зауыт стерильді бір реттік 300-ден астам медициналық бұйымдарды шығара бастаған. Аталмыш бұйымдар студенттердің мемлекеттік емтихандарында, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыру барысында сабақтарда кеңінен пайдалануда. Кәсіби байқаулар мен ауқымды іс-шараларда колледжге демеушілік жасап, бұйымдарымен қамтамасыз етеді.